

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ және оған бағынысты білім беру
ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Арқалық қаласы

29 мамыр 2026 жыл

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ (*бұдан әрі - Білім бөлімі*) және оған бағынысты білім беру ұйымдарыда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі (*бұдан әрі - Талдау*) Білім бөлімі және оған бағынысты білім беру ұйымдарының қызметі болып табылады.

Мемлекеттік орган қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында Білім бөлімі басшысының 2026 жылғы 21 сәуірдегі № 176 «Арқалық қаласының білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы шығарылды.

Ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізумен қамтылған кезең: 2025 жылдың екінші жартыжылдығы - 2026 жылдың бірінші жартыжылдығы.

Талдаудың мақсаттары мен міндеттері.

Талдаудың мақсаты - Білім бөлімі және оған бағынысты білім беру ұйымдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, оған қарсы іс-қимыл жасау және оларды жою.

Талдаудың міндеті - Білім бөлімі және оған бағынысты білім беру ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ олардың салдарын жою болып табылады.

Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылды:

1. Талдау объектісінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
2. Талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелеріндегі талдау объектісінің қызметіне қатысты деректер;
4. Мемлекеттік органдардың талдау объектісіне қатысты бұрын жүргізген тексерулерінің нәтижелері;
5. Ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
7. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
8. Талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
9. Талдау объектісінің лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар мен заң бұзушылықтардың жасалуына ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыныстар;
10. Талдау объектісі қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері және қылмыстық істердің фабулалары;
11. Бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сыртқы талдауының нәтижелері;
12. Бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауының нәтижелері;
13. Талдау объектісінің мемлекеттік қызметшілері мен қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері;
14. Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру.

Білім бөлімінің және оған бағынысты білім беру ұйымдарының қызметі келесі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

- *Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;*
- *Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;*
- *Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы;*

- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ «Құқықтық актілер туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп нормалары мен мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай талаптарды бекіту туралы» қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 553 «Әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемаларын қалыптастыру кезінде қолданылатын білім беруді басқару органдары (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, сондай-ақ оларға есеп беретін және бақылауындағы аудандық, қалалық және қалалардағы аудандық білім бөлімдері) арасындағы функцияларды бөлу туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 184 «2025 қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 шілдедегі № 464 «Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 4 мамырдағы № 192 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес Білім бөліміне **37** білім беру ұйымы қарайды.

Білім беру ұйымдарының желісі.

Білім беру желісіне **37** ұйым кіреді, оның ішінде: **8** мектепке дейінгі ұйым (**6** мемлекеттік, **2** - мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында), **25** мектеп (**13** жалпы орта білім беретін мектеп, **10** негізгі орта мектеп, **2** бастауыш мектеп), **4** қосымша білім беру ұйымдары.

Мектепке дейінгі тәрбие.

Арқалық қаласында **8** балабақша жұмыс істейді, оның ішінде **6-ы** мемлекеттік, **2-і** мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында, сондай-ақ **14** шағын орталық бар.

Мектепке дейінгі ұйымдар бойынша кезек 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар арасында **504** баланы құрайды. 2-6 жас аралығындағы кезекте тұрған балалар санының ең көп үлесі Арқалық қаласында тіркелген - **610** бала.

Жалпы орта білім.

Жалпы орта білім беру ұйымдарының желісі **25** мектептен тұрады, оның ішінде **13** жалпы мектеп, **10** негізгі орта мектеп, **2** бастауыш мектеп.

Күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің ішінде **15-і** қазақ тілінде оқытатын, **10-ы** аралас тілде оқытатын мектептер болып табылады.

Аймақта шағын жинақты мектептердің басым болуына байланысты олардың үлесі **13** мектепті немесе **52%-ды** құрайды (*2025-2026 оқу жылы - 52%*). Оқу бағдарламаларын тиімді меңгеру мақсатында «А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназия» КММ жанынан **1** ресурстық орталық жұмыс істейді, сондай-ақ **2** қалалық мектеп **6** ауылдық мектепке шефтік көмек көрсетеді.

Қосымша білім беру.

Балаларды қосымша біліммен қамту **2 532** баланы құрайды.

Арқалық қаласында **3** қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді, оның ішінде балалар музыка мектебі, қосымша білім беру орталығы және балалар-жасөспірімдер орталығы, сондай-ақ **1** мектепаралық оқу-өндірістік комбинат бар.

133-тен астам үйірме мен секцияда **1 729-дан** астам бала өз қызығушылықтары мен бейімділіктері бойынша қосымша білім алууда.

Қамқоршылық және қорғаншылық, арнайы білім беру ұйымдары.

Жалпы білім беретін мектептерде инклюзияны қолдау бойынша **1** кабинет жұмыс істейді, онда ерекше білім беру қажеттіліктері бар **15** балаға түзету-педагогикалық қолдау көрсетіледі («А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ).

Жеке оқу бағдарламалары бойынша үйде 1-11 сыныптар аралығында **23** оқушы оқиды.

Инклюзивті білім берумен қаладағы **21** жалпы білім беретін мектепте **314** бала қамтылған.

2025 жылы Арқалық қаласында **46** жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бар, оның ішінде **20** жетім бала және **26** ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала.

2026 жылы олардың саны **47** баланы құрады, оның ішінде **20** жетім бала және **27** ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала.

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Білім бөлімінің тұрақты бақылауында болып табылады.

2.1. Мемлекеттік қызметтерді көрсету.

Жоғары сапалы мемлекеттік қызметтерге ашық әрі тең қолжетімділікті қамтамасыз ету - мемлекеттік органдар алдында Мемлекет басшысы қойған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Талдау кезеңінің соңындағы мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес Білім бөлімі және бағынысты білім беру ұйымдарында **42** мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер электрондық, қағаз және баламалы нысандарда көрсетіледі.

3 мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылған және электрондық нысанда көрсетіледі (1. Қамқоршылық және қорғаншылық бойынша анықтамалар беру; 2. Кәмелетке толмағандардың мүлкін басқаруға рұқсат беру үшін анықтамалар беру; 3. Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру.);

5 мемлекеттік қызмет электрондық (ішінара автоматтандырылған) нысанда көрсетіледі (1. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау және құжаттарын рәсімдеу; 2. Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру, патронат тәрбиешілерге берілген балаға (балаларға) арналған ақшалай қаражатты тағайындау және мөлшерін белгілеу; 3. Баланы асырап алуға ниет білдірген адамдарды есепке қою; 4. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару және мөлшерін белгілеу; 5. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау.);

2 мемлекеттік қызмет электрондық және (ішінара автоматтандырылған) нысанда, «бір өтініш» қағидаты бойынша (Азаматтарға арналған үкімет) көрсетіледі (1. Жетім балаға (балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу; 2. Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім балаға (балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға арналған жәрдемақыны тағайындау және мөлшерін белгілеу.);

6 мемлекеттік қызмет электрондық (ішінара автоматтандырылған) және/немесе қағаз нысанда көрсетіледі (1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау; 2. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және қосымша білім беру; 3. Алыс ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына тегін тасымалдауды ұйымдастыру; 4. Білім беру ұйымдарының жекелеген санаттарындағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалысқа жолдама беру үшін құжаттарды қабылдау және бағыт беру; 5. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау; 6. Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға арналған ақшалай қаражатты тағайындау.);

2 мемлекеттік қызмет электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз және/немесе проактивті нысанда көрсетіледі (1. Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау; 2. Мектепке дейінгі жастағы (6 жасқа дейінгі) балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жолдау үшін кезекке қою.);

1 мемлекеттік қызмет электрондық (ішінара автоматтандырылған) және/немесе қағаз нысанда көрсетіледі (1. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру.);

3 мемлекеттік қызмет тек қағаз нысанда көрсетіледі (1. Ата-ана құқықтарынан айырылған, балаға теріс әсер етпейтін ата-аналарға баламен кездесуге рұқсат беру; 2. Он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғанишылық және қамқоршылық органының шешімін беру; 3. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету.);

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген) енгізілген **4** мемлекеттік қызмет бойынша оларды көрсетуге қажетті талаптар тізбесі бекітілмеген (1. Баланы (балаларды) қонақ отбасыға беру; 2. Мектепке дейінгі, лицей және гимназиялардың мектепалды сыныптарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау; 3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды жалпы орта, негізгі орта және бастауыш білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау; 4. Өз отбасына жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеуге алғысы келетін Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлаудан өткізуге құжаттарды қабылдау.)

Талдау кезеңінде Білім бөлімі және оған бағынысты білім беру ұйымдарында **2 931** мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде:

- тікелей жергілікті атқарушы орган арқылы - **188** қызмет;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы - **13** қызмет;

- электрондық үкімет порталы (eGov) арқылы - **0** қызмет;

- қызмет көрсетуші мен қызмет алушының тікелей байланысынсыз ақпараттық жүйелер арқылы (SAKURA, INDIGO, MINDAL, APM) - **2 730** қызмет.

Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қатысты шағымдар түскен жоқ.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызмет көрсетушілер мемлекеттік қызметтерді оларды көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік

құқықтық актілерге, сондай-ақ белгіленген мерзімдерге сәйкес көрсетуге міндетті.

Сонымен қатар, 2 білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылу фактілері анықталды («Б. Майлин атындағы № 3 ЖББМ» КММ, «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ).

Аталған бұзушылықтарға байланысты мектеп басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бұзушылықтардың себебі техникалық ақаулар, халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ құжаттар пакетін курьерлік және пошта қызметтері арқылы уақтылы жеткізбеу фактілері анықталды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету білім беру ұйымдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ең бейім салалардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты тұлғалардың біліктілігін арттыру бойынша оқытудан өтпеуі, сондай-ақ өзара алмастырушылықтың болмауы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде бұзушылықтарға, соның ішінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдерін бұзуға әкелуі мүмкін.

Негіздеме.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында жиі кездесетін бұзушылықтар: мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылуы, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша біліксіз консультациялар беру.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты негізгі қызметкер болмаған жағдайда қызметкерлердің өзара алмастырушылығы қамтамасыз етілмеген.

Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар.

Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмысты жалғастыру (*ақпараттық технологиялар арқылы мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы бейнероликтерді ресми интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде орналастыру*).

Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында қайталанатын және жүйелі бұзушылықтарды болдырмау.

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде заңнаманы сақтау мәселесі бойынша құқықтық жалпыға міндетті оқу жоспарына техникалық оқыту тақырыбын енгізу.

Жауапты тұлға болмаған кезеңде мемлекеттік қызметтерді көрсететін қызметкерлердің өзара алмастырушылығын қамтамасыз ету.

2.2. Кадр саясаты.

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы.

Білім бөлімінің штаттық саны **49,5** бірлікті құрайды, оның ішінде: **2** - әкімшілік мемлекеттік қызметшілер, **18** - әдістемелік кабинет; **19** -

бухгалтерия; **4,5** - ақпараттық технологиялар орталығы; **8** - авариялық-шаруашылық тобы.

Талдау кезеңінде **3** қызметкер жұмыстан босатылды, оның себебі - басқа лауазымға ауысу және зейнеткерлікке шығу.

Бос лауазымдар туралы ақпарат электрондық еңбек биржасы *enbek.kz* сайтында орналастырылады.

Арқалық қаласының мектептерінде **821** педагог қызмет атқарады. Қолданыстағы біліктілік санаттары бойынша: педагог-шебер - **1**, педагог-зерттеуші - **85**, педагог-сарапшы - **199**, педагог-модератор - **309**, педагог - **227**.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында **177** педагог жұмыс істейді, олардың **19-ы** біліктілік санаттарына ие. Жаңа формат бойынша: педагог-зерттеуші - **2**, педагог-сарапшы - **17**, педагог - **149**.

Тәртіптік тәжірибе.

Талдау жүргізілген кезеңде білім беру ұйымдардың **22** басшыларына және Білім бөлімінің **1** қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2025 жылдың екінші жартыжылдығында лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін білім беру ұйымдарының **8** басшылары тәртіптік жауапкершілікке тартылды (оның ішінде «Фурманов ЖББМ» КММ директоры - Р. Досмаилова, «А. Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ директоры - Б. Оташев, «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ директоры - М. Байшев, «Б. Майлин атындағы № 3 ЖББМ» КММ директоры - Н. Ахатов, «№ 2 ЖББМ» КММ директорының м.а. - А. Маратова, «№ 10 ЖББМ» КММ директоры - К. Алимгазина, «А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ директоры - Иманқұлов Н.).

Сондай-ақ, Қостанай облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 07-08/1582 нұсқамасын қарау нәтижелері бойынша Білім бөлімінің бас бухгалтері М. Каратаева тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін білім беру ұйымдарының **14** баршылары тәртіптік жауапкершілікке тартылды (оның ішінде «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ директоры - М. Байшев, «Ш. Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ» КММ директоры - Ш. Бикенова, «Фурманов ЖББМ» КММ директоры - Р. Досмаилова, «Ақбұлақ НОББМ» КММ директоры - А. Ақмұрза, «Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ директоры - М. Зайнуллин, «А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ директоры - Н. Иманкулов, «Кейкі батыр атындағы ЖББМ» КММ директоры - К. Мукашева, «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ директоры - М. Байшев, «№ 2 ЖББМ» КММ директоры - Р. Пененжи, «Б. Майлин атындағы № 3 ЖББМ» КММ директоры - Н. Ахатов, «Т. Әубәкіров атындағы НОББМ» КММ директоры - А. Курмашева, «А. Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ директоры - Б. Оташев, «Сарыөзен

НОББМ» КММ директоры - С. Койбагарова, «Фурманов ЖББМ» КММ директоры - Р. Досмаилова).

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бұзылған жоқ.

Талдау жүргізілген кезеңде білім беру ұйымдарының қызметкерлері де тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2025 жылдың екінші жартыжылдығында өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін білім беру ұйымдарының **22** қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылды (оның ішінде «Коктау НОББМ» КММ - 1, «А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ - 1, «Б. Майлин атындағы № 3 ЖББМ» КММ - 8, «Ш. Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ» КММ - 1, «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ - 2, «№ 10 ЖББМ» КММ - 1, «А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ - 7, «Б.Алтынсарин атындағы гимназиясы» - 2).

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін білім беру ұйымдарының **39** қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылды (оның ішінде «Коктау НОББМ» КММ - 1, «А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ - 4, «А. Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ - 5, «Ш. Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ» КММ - 6, «№ 7 ЖББМ» КММ - 3, «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ - 1, «№ 10 ЖББМ» - 1, «А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ - 8, «Кейкі батыр атындағы № 4 ЖББМ» КММ - 2, «Б.Алтынсарин атындағы гимназиясы» - 10, «Көктау НОББМ» КММ - 1, «Майкөтов атындағы НОББМ» - 1).

Мүдделер қақтығысы.

Білім бөлімі және оған бағынысты білім беру ұйымдарында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және оларға теңестірілген адамдар арасында мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері тарапынан өз міндеттерді тиісінше орындамау тәуекелі орын алуы мүмкін.

Негіздеме.

Жүргізілген тексерулер нәтижесінде білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері тарапынан бұзушылық фактілері анықталды, бұл ішкі бақылау деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар.

Білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлері қызметіне бақылауды күшейту және тұрақты мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбек тәртібін сақтау.

Өздеріне жүктелген міндеттерді уақтылы және сапалы орындау үшін жеке жауапкершілікті арттыру.

Еңбек тәртібі мен оны бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бұзушылықтар анықталған

жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік ықпал ету шараларын уақтылы қолдану.

Қаржылық-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бюджет және қаржы қаражатын бөлу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, облыстық бюджет жыл сайын «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ (бұдан әрі - Білім басқармасы) жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен жоспарлы кезеңге әзірленеді.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығын лимиттері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі Білім басқармасымен белгіленеді және бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Бюджеттік өтінімнің жобасы Білім бөлімімен қалыптастырылып, әрі қарай қарау және бекіту үшін Білім басқармасына жолданады.

Бюджеттік өтінім дегеніміз - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған шығыстар көлемін негіздеу мақсатында қалыптастыратын құжаттар жиынтығы және оған мыналар кіреді:

- бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне ұсынылған қаржыландырудың әсерін сипаттай отырып, әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығын түрлері бойынша есептеулер;

- тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу нәтижесінде түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша қаражатының түсімдері мен шығыстарының болжамы;

- түсіндірме жазба;

- ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және даму бюджеттік бағдарламалары бойынша базалық шығындар мен жаңа бастамалар шығындарын қамтитын бюджеттік бағдарламалар мен шығыстардың жиынтық тізбесі және жиынтық кестесі;

- ағымдағы жылға бекітілген штат кестесі және жоспарлы кезеңге арналған штат кестесінің жобасы;

- бюджеттік бағдарламалардың жобалары.

Білім басқармасы Білім бөліміне әрбір шығыс экономикалық сыныптама спецификасы бойынша есептеулермен бірге бюджеттік бағдарламаларды ұсынады, соның негізінде олар бағынысты білім беру ұйымдар арасында бөлінеді.

Сонымен қатар, бюджеттік өтінімдерді ұсыну «Парус-Каз» бағдарламалық кешені арқылы автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады.

Жоспарлау ұсынылған прайс-парақшалар ішінен ең төмен бағасы бойынша жүргізіледі. Тауар бірлігінің бағасының негізділігі әрбір қор немесе

негізгі құрал түрі бойынша кемінде үш прайс-парақшаның болуымен расталады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы.

Білім бөлімінде **6** интернетке қол жеткізу нүктесі бар, оның ішінде **1** нүкте Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзіне (*бұдан әрі – ИҚБШ*) қосылған.

Білім бөліміндегі компьютерлік техниканың жалпы саны - **42** бірлік, оның ішінде **40** стационарлық дербес компьютер және **2** ноутбук.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың» негізгі нормаларын сақтау мақсатында Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында:

- лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алуға бюджет қаражатын бөлу мүмкіндігін қарастыру;
- компьютерлік техниканы жаңартуға бюджет қаражатын бөлу мүмкіндігін қарастыру;
- компьютерлік техниканы кезең-кезеңімен есептен шығару жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық қауіпсіздік саласында анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі жол картасын әзірлеп, бекіту;
- білім беру ұйымдарының басшыларымен ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтау мәселелері бойынша семинар-кеңес өткізу ұсынылады.

Ақпараттық қауіпсіздікке жауапты тұлғалар Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша дәрістер мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының негізінде Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттандыру объектілерімен интеграциялау арқылы өзекті деректер енгізіледі.

Ұлттық білім беру деректер қорында әрбір педагог туралы ақпарат (*тағайындау туралы бұйрықтар, білім беру ұйымдары арасындағы ауысу мәліметтері, алынған сертификаттар, біліктілік санаттары және басқа да мәліметтер*) көрсетіледі.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық жүйе ретінде «ҚР БҒМ мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру» ақпараттық жүйесі қолданылады.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында жанындағы қорғаншылық және қамқоршылық органдары жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық деректер банкі (РДБ ҚҚҚБ) арқылы жұмыс жүргізеді. Аталған жүйеге анықталған балалар және оларды отбасылық орналастырудың баламалы нысандарына беру туралы мәліметтер енгізіледі.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында «INDIGO» АЖ, «SAKURA» АЖ, «MALANIT» АЖ, «MINDAL» АЖ, сондай-ақ «BilimClass» электрондық ақпараттық жүйелер арқылы жұмыс жүргізеді.

Құжаттаманы есепке алу.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында құжат айналымы бекітілген істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында «Электрондық құжат айналымы жүйесі» енгізілген, ал мемлекеттік қызметшілердің персоналын басқару жүйесі ретінде «E-kuzmet» ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйелеріне мәліметтердің уақытылы енгізілмеу тәуекелі бар.

Негіздеме.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарауының 11-тармағына сәйкес, талдау кезеңінде ҰБДҚ-ның әртүрлі бөлімдеріне мәліметтердің уақытылы енгізілмеуі фактілері бойынша кемшіліктерді жою және олардың қайталануына жол бермеу жөнінде тиісті шаралар қабылданған.

Жою жөніндегі ұсынымдар.

Білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйелерінде («INDIGO», «SAKURA», «MINDAL»), «BilimClass» электрондық ақпараттық жүйелерінде және Ұлттық білім беру деректер қорында жұмыс істеу мәселелері бойынша техникалық оқыту ұйымдастыру.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

Талдау жүргізілген кезеңде «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы **Білім бөліміне** барлығы **228** өтініш келіп түсті. Келіп түскен өтініштердің түрлері: арыздар - **152**, шағымдар - **7**, ұсыныстар - **45**, өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - **24**.

Білім бөлімінде қаралған өтініш бойынша **128** әкімшілік акт қабылданды.

Қабылданған әкімшілік актілердің **3-еуіне** шағым берілді.

Өтініштерде негізінен еңбек ақысын төлеу, педагогикалық ұжымдағы өзара қарым-қатынастар, білім беру процесін ұйымдастыру, кәмелетке

толмағандардың құқықтарын қорғау, балаларды әлеуметтік қорғау, сондай-ақ білім беру платформаларына қатысты ұсыныстар және басқа да мәселелер көтерілген.

Білім беру ұйымдарында талдау жүргізілген кезеңде «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 302 өтініш келіп түсті, оның ішінде: «*Кейкі батыр атындағы № 4 ЖББМ*» КММ - 32 (арыздар - 6, шағымдар - 4, ұсыныстар - 16, өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 6), «*А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы*» КММ - 26 (арыздар - 3, ұсыныстар - 23), «*№ 7 ЖББМ*» КММ - 4 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 4), «*Золотой ключик*» бөбекжайы - 10 (арыздар - 1; ұсыныстар - 9), «*Ақбота*» бөбекжайы - 16 (шағымдар - 1; ұсыныстар - 15), «*Қосымша білім беру орталығы*» КММ - 3 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 3), «*№ 8 НОББМ*» КММ - 8 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 8), «*Ш.Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ*» КММ - 14 (арыздар - 2; шағымдар - 1; ұсыныстар - 1 өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 10), «*Б.Майлин атындағы № 3 ЖББМ*» КММ - 25 (ұсыныстар - 25), «*Т.Аубакиров атындағы НОББМ*» КММ - 13 (арыздар - 3, ұсыныстар - 10), «*Ә.Бөкейхан атындағы ЖББМ*» КММ - 15 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 15), «*А.Макаренко атындағы ЖББМ*» КММ - 10 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 10), «*Раушан*» бөбекжайы - 17 (арыздар - 1, ұсыныстар - 16), «*БІ.Алтынсарин атындағы гимназиясы*» - 20 (арыздар - 3; шағымдар - 1; ұсыныстар - 13; өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 3), «*А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы*» КММ - 8 (шағымдар - 1, ұсыныстар - 2, өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 5), «*Ақбұлақ НОББМ*» КММ - 13 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 13), «*Көктау НОББМ*» КММ - 10 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 10), «*Аңғар НОББМ*» КММ - 10 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 10), «*Алпамыс*» бөбекжайы - 10 (арыздар - 1, ұсыныстар - 8, өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 1), «*Сарыөзен НОББМ*» КММ - 12 (өзге де өтініштер (хабарлама, сұрау салу, пікір) - 12), «*М.Әуезов атындағы № 5 ЖББМ*» КММ - 22 (арыздар - 15, шағымдар - 3, ұсыныстар - 4), «*Фурман ЖББМ*» КММ - 4 (ұсыныстар - 4).

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес, белгіленген мерзімдерде қаралады. Талдау кезеңінде өтініштерді қарау мерзімдерін бұзу және әкімшілік рәсімдерді жүргізу тәртібін сақтамау фактілері анықталған жоқ.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарымен бірлесіп, «Е-өтініш» ақпараттық жүйесінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс істеу мәселелері бойынша оқыту семинарларын тұрақты түрде өткізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 4-бабының 3) тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының бірі жариялылық пен ашықтық қағидаты болып табылады.

Білім бөлімінің мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат орналастырылатын, пайдаланушылар үшін қолжетімді ресми интернет-ресурсы бар (<https://arkalyk.edu.kz/>). Ресми интернет-ресурста басшылық туралы мәліметтер, білім беру ұйымдарының тізбесі, өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат, бұйрықтар, комиссия отырыстарының хаттамалары, білім беру саласының даму қорытындылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша материалдар және өзге де ақпарат орналастырылады.

Сонымен қатар, Білім бөлімі әлеуметтік желіде ресми парақшасы (https://www.instagram.com/arkalyk_bilim_bolimi?igsh=YW8yeHg1d3I5djMy) құрылған.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында Instagram әлеуметтік желісінде ресми парақшалары бар, олар арқылы оқу-тәрбие үдерісі, өткізілетін іс-шаралар және өзге де өзекті ақпарат тұрақты түрде жарияланып отырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында ақпараттың толық көлемде және уақытылы орналастырылмау тәуекелі бар, бұл қызметтің ашықтығы мен айқындығы деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының ресми әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық материалдардың, түсіндіру жұмыстарының нәтижелері мен профилактикалық іс-шаралар туралы жарияланымдардың жеткіліксіз орналастырылу тәуекелі бар. Бұл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөнінде ақпараттандыру деңгейінің төмендеуіне әсер етуі мүмкін.

Негіздеме.

Талдау барысында Білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында жекелеген ақпараттың толық көлемде орналастырылмағаны анықталды. Сондай-ақ білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында жүргізілген жұмыстар туралы жарияланымдардың саны жеткіліксіз екені байқалды.

Жою жөніндегі ұсынымдар.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 4-бабы 3) тармақшасының (жариялылық пен ашықтық қағидаты) және Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының талаптарына сәйкес Білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында ақпараттың толық әрі уақтылы орналастырылуын қамтамасыз

ету. Білім беру ұйымдарының ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, профилактикалық іс-шаралар, түсіндіру жұмыстары және қабылданған шаралар туралы ақпаратты тұрақты негізде жариялауды ұйымдастыру.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері.

Білім бөлімінде және оған бағынысты ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құзырет шегінде бақылау функциялары жүзеге асырылады. Бақылау іс-шаралары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызмет сапасы мен мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Бақылау функцияларын іске асыру шеңберінде ішкі тексерулер жүргізіледі, бағынысты ұйымдардың қызметіне мониторинг жасалады, мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері мен тәртібінің сақталуы талданады, сондай-ақ білім беру саласындағы нормативтік талаптардың орындалуына бақылау жүзеге асырылады.

Рұқсат беру функциялары заңнамада белгіленген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады және азаматтардың өтініштері мен арыздарын қарауды, құзырет шегінде тиісті шешімдер қабылдауды, сондай-ақ қабылданған әкімшілік актілерді есепке алу мен бақылауды қамтиды.

Жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою, ішкі бақылауды күшейту және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру жөнінде тиісті шаралар қабылданады.

Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру барысында өкілеттіктерді асыра пайдалану немесе бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдары бақылау және рұқсат беру функцияларымен өкілеттігі жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.8. Мемлекеттік сатып алулар.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізуге бөлінген бюджет қаражатының жұмсалып ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдары бойынша мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады. Осыған байланысты барлық мемлекеттік сатып алулар бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ішкі талдау нәтижесінде өткізілген мемлекеттік сатып алуларға әлеуетті өнім берушілер ретінде жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың қатысу фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын қаражатты тиімді және оңтайлы жұмсау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім бөлімі тексерілетін кезең бойынша мемлекеттік сатып алуларға талдау жүргізілді.

2025 жылғы 1 маусым мен 2026 жылғы 29 мамыр аралығында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша жалпы сомасы **6,24 млрд. теңгеге 492 шарт** жасалды. Оның ішінде: баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - **225 шарт**, өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен - **37 шарт**, ашық конкурс тәсілімен - **19 шарт**, электрондық дүкен арқылы - **22 шарт**, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша көрсетілетін қызметтер - **189 шарт** жасалды.

2 шарт біржақты тәртіппен бұзылды, оның ішінде: «Көктау НОББМ» КММ-де септик орнату бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары және қосымша білім беру орталығы үшін компьютерге арналған дыбыс колонкаларын сатып алу.

Шарттарды біржақты бұзудың себебі - өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауы.

Білім беру ұйымдарында тексерілетін кезең бойынша мемлекеттік сатып алуларға талдау жүргізілді, (оның ішінде: «№ 10 ЖББМ» КММ МСА бойынша **131 шарт жалпы сомасы 76,6 млн. теңге**, «Ш. Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ» КММ МСА бойынша **76 шарт жалпы сомасы 95,9 млн. теңге**, «№ 2 ЖББМ» КММ МСА бойынша **75 шарт жалпы сомасы 67,7 млн. теңге**, «А. Құнанбаева атындағы мектеп-гимназиясы» КММ МСА бойынша **68 шарт жалпы сомасы 82,9 млн. теңге**, «Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы» МСА бойынша **157 шарт жалпы сомасы 191,1 млн. теңге**, «№ 7 ЖББМ» КММ МСА бойынша **90 шарт жалпы сомасы 30,6 млн. теңге**, «Б. Майлин атындағы № 3 ЖББМ» КММ МСА бойынша **157 шарт жалпы сомасы 177,7 млн. теңге**, «М. Әуезов атындағы № 5 ЖББМ» КММ МСА бойынша **71 шарт жалпы сомасы 547,1 млн. теңге**, «А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ МСА бойынша **73 шарт жалпы сомасы 197,1 млн. теңге**, «Кейкі батыр атындағы № 4 ЖББМ» КММ МСА бойынша **132 шарт жалпы сомасы 78,6 млн. теңге**, «Ақбота» бөбекжайы МСА бойынша **51 шарт жалпы сомасы 102,8 млн. теңге**, «Золотой ключик» бөбекжайы МСА бойынша **81 шарт жалпы сомасы 140,8 млн. теңге**, «ДЮЦ» КГКП МСА бойынша **164 шарт жалпы сомасы 80,2 млн. теңге**).

Білім беру ұйымдарында біржақты тәртіппен бұзылған («Ш.Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ» КММ - 1 шарт, «Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ - 1 шарт, «А.Құнанбаева атындағы мектеп-гимназиясы» КММ - 1 шарт). Шарттардың бұзылу себебі – мемлекеттік сатып алу шарты бойынша қамтамасыз етуді және (немесе) Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу арқылы шарт жасасудан жалтару.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі.

Өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі бар.

Негіздеме.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген шектеулердің бұзылу тәуекелі орын алуы мүмкін. Сонымен қатар, шарттық міндеттемелердің орындалмауы мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің тиімділігіне теріс әсер етеді.

Жою жөніндегі ұсынымдар.

Өнім берушілер шарттық міндеттемелерін орындамаған жағдайда оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу бойынша заңнамада көзделген шараларды уақтылы қабылдауды қамтамасыз ету.

2.9. Сот практикасына талдау.

2025 жылдың екінші жартыжылдығында Білім бөлімі қатысуымен барлығы **34** сот ісі қаралды, оның ішінде: талапкер ретінде - **33** іс (қанағаттандырылған талаптар - **18**; қанағаттандырылмаған - **6**; қараусыз қалдырылған - **1**; медиация келісімдері бекітілген - **3**; талап арызды қайтару - **5**), жауапкер ретінде - **1** іс (қараусыз қалдырылған - **1**), мүдделі тұлға (үшінші тұлға) ретінде сот істеріне қатыспаған.

Медиация тәртібімен реттелген даулар саны - **3**.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Білім бөлімі қатысуымен **20** сот ісі қаралды, оның ішінде: талапкер ретінде – **19** іс (қанағаттандырылған талаптар - **6**; қанағаттандырылмаған - **7**; қараусыз қалдырылған - **2**; медиация келісімдері бекітілген - **2**; талап арызды қайтару - **1**), жауапкер ретінде - **1** іс (қараусыз қалдырылған - **1**), мүдделі тұлға (үшінші тұлға) ретінде - **1** іс (қанағаттандырылған).

Медиация тәртібімен реттелген даулар саны - **2**.

Білім беру ұйымдары қатысуымен 8 сот ісі қаралды, оның ішінде «Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы» КММ талапкер ретінде - 1 іс (қанағаттандырылған), «Ш.Уәлиханов атындағы № 1 ЖББМ» КММ талапкер ретінде - 2 іс (1 – қанағаттандырылған, 2 – қараусыз қалдырылды), Кейкі батыр атындағы № 4 ЖББМ талапкер ретінде – 2 іс (1 - қанағаттандырылған, 2 - медиация тәртібімен реттелген), А.Байтұрсынов

атындағы бастауыш гимназиясы талапкер ретінде - 4 іс (4 - қанағаттандырылған).

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдардағы соттағы өкілдігін сенімхат негізінде өкілдер (*заңгер-кеңесшілер, білім бөлімінің және оған бағынысты білім беру ұйымдарының мамандары*) жүзеге асырады.

Сенімхат бойынша өкілдерге қатысты соттың жеке ұйғарымдары түспеген.

Негізсіз талап арыздарды кері қайтару фактілері анықталмаған.

Талдау кезеңінде үш талап арыз сот талқылауы барысында талап қою талаптарының орындалуына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу шартының орындалу мерзімін ұзартуға байланысты кері қайтарылған.

Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдарымен азаматтық тәртіпте берілетін талап арыздардың негізгі санаты мемлекеттік сатып алу саласына қатысты істер болып табылады (*әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру, кепілдік міндеттемелерді орындату*).

Мемлекеттік сатып алу саласындағы азаматтық істердің басым бөлігі талап қою талаптарын қанағаттандыру туралы шешім қабылдаумен қаралған.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, істердің көпшілігі Білім бөлімі мен оған бағынысты білім беру ұйымдардың пайдасына шешілген.

Соттар талап қою талаптарын мердігер шарт бойынша жұмыстардың елеулі бөлігін орындаған және тұрақсыздық айыбын төлеген жағдайларда қанағаттандырудан бас тартады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қорытынды:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында жекелеген білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілері анықталды. Бұзушылықтардың негізгі себептері техникалық ақаулар, ақпараттық жүйелердің тұрақсыз жұмысы және жауапты қызметкерлердің өзара алмастырушылығының жеткіліксіздігі болып табылады. Аталған бағыт сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім сала ретінде бағаланды.

2. Кадр саясаты саласында білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері орын алған. Бұл ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру және қызметкерлердің жеке жауапкершілігін күшейту қажеттігін көрсетеді. Мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

3. Процестерді цифрландыру және ақпараттық жүйелерді пайдалану барысында білім беру ұйымдарының ақпараттық жүйелеріне мәліметтерді уақтылы енгізбеу тәуекелі анықталды. Бұл бағыт бойынша қызметкерлердің

цифрлық құзыреттерін арттыру және тұрақты техникалық оқыту жүргізу қажет.

4. Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында Білім бөлімінің ресми интернет-ресурсында және білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілерінде ақпаратты толық әрі уақтылы орналастыру бойынша жұмыстарды күшейту қажеттілігі анықталды. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы қоғамды ақпараттандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

5. Мемлекеттік сатып алу саласында сатып алу рәсімдері қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Алайда өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты жекелеген шарттардың бұзылу фактілері орын алған. Осыған байланысты өнім берушілерге қатысты заңнамада көзделген шараларды уақтылы қолдану қажеттілігі белгіленді.

Жұмыс тобының төрағасы:

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
басшысы**

Е. Маметеков

Жұмыс тобының мүшелері:

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
басшының орынбасары**

Ж. Кожакова

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
әдіскері**

С. Айтмагамбетова

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
әдіскері**

У. Булат

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
әдіскері**

Ж. Жакыбаева

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
есепшісі**

А. Жуламанова

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
бас экономисі**

К. Құсайынова

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
техникалық орталық басшысы**

А. Орынтөлеп

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
әдіскері**

А. Садыков

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
инженері**

А. Смагулов

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
әдіскері**

Г. Суйинбекова

**Арқалық қаласы қоғамдық кеңесінің
төрайымы (келісім бойынша)**

С. Алматова

Жұмыс тобының хатшысы:

**«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ
заңгер - кеңесшісі**

Ә. Оспанғали

АНАЛИТИЧЕСКАЯ СПРАВКА

по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности ГУ «Отдел образования города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области и подведомственных организаций образования

город Аркалык

29 мая 2026 года

В соответствии с пунктом 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции», с типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденными приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года № 12, проведен внутренний анализ коррупционных рисков в государственном учреждении «Отдел образования города Аркалыка» Управление образования акимата Костанайской области (*далее - Отдел образования*).

Объектом внутреннего анализа коррупционных рисков (*далее - Анализ*) является деятельность Отдела образования и подведомственных ему организаций образования.

В целях проведения внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности государственного органа издан приказ руководителя Отдела образования от 21 апреля 2026 года № 176 «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков в организациях образования города Аркалыка».

Внутренний анализ коррупционных рисков проведен в соответствии с Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, а также методическими рекомендациями по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденными приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции.

